

Атырау облыстық Білім беру басқармасы
Индер көп бейінді ауыл шаруашылық колледжі КҚМК



ҚР білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасынан
туындайтын Индер көп бейінді ауыл шаруашылық колледжінің
2020-2025 жылдарға арналған

Стратегиялық даму жоспары

2020 жыл

**ҚР білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасынан туындайтын
Индер көп бейінді ауыл шаруашылық колледжінің 2021-2025 жылдарға арналған
Стратегиялық даму жоспары**

1. Кіріспе

Техникалық және кәсіптік білім жүйесі тұлға мүдделерін, еңбек нарығының сұраныстарын және экономика мен әлеуметтік саланы дамытудың перспективаларын қанағаттандыруда маңызды роль атқарады. Адами ресурстарды дамыту еліміздің 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарындағы басымдықтардың бірі ретінде айқындалған. Қазіргі заманғы білім беру жүйесі, оқытудың инновациялық нысандары мен әдістерін енгізу педагогтардың тұлғасына және кәсіби құзыреттілігіне жоғары талаптар қояды.

ТжКБ жүйесінде жұмыс берушілердің қатысуымен және жаңа кәсіби стандарттар негізінде әзірленген WorldSkills халықаралық талаптарын, робот техникасын, цифрлық дағдыларды, көптілділікті ескеретін жаңартылған білім беру бағдарламалары енгізілетін болады. Білім берумен сабақтастықты қамтамасыз ету үшін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру жүйесінде оқытудың кредиттік-модульдік технологиясына көшу жүзеге асырылатын болады. ТжКБ жүйесінде халықаралық және кәсіби стандарттарға сәйкес келетін білім беру бағдарламаларын әзірлеу және тарату мен қолдану, базалық колледждер мен кәсіпорындармен бірлесіп құрылған құзыреттілік орталықтары арқылы жүзеге асырылу. Кадрларды даярлауды жүйелендіру мақсатында ТжКБ оқу орындарын бейіндеу бойынша жұмыстар жалғастыру мен мамандықтарды оңтайландыру жұмыстарын қолға алу. Жұмыс берушілердің жәрдемімен білім беру бағдарламаларын өзектендіру үшін, бағдарламаларға бағалау жүргізілетін болады, оның қорытындысы бойынша неғұрлым талап етілетін мамандықтар бойынша білім беру бағдарламаларының тізілімін жаңартуды жоспарлау.

2. Стратегиялық даму жоспарының бағыттары

Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты жолдауында экономика және білім беру сферасының магистралды даму жолдары анықталған және білім беру сферасындағы басым жұмыстары құрылған: Білім және кәсіби дағдысы – кадрларды даярлау және қайта даярлау, қазіргі білім беру жүйесінің негізгі бағыты.

«Индер көп бейінді ауыл шаруашылық колледжі» (ары қарай колледж) ТжКББ мамандықтары бойынша экономика сферасында және ақпараттық технологиялар, интеграцияны және теориялар синтезін, әдістері мен тәжірбиелерін, барлық қызығушылық танытқан тараптармен әлеуметтік ынтымақтастықты дамытуға, инновациялық технологияларды әзірлеу, тармақталған білім берудің инфрақұрылымын жасау арқылы қазақстандық экономикалық және ақпаратты-техникалық кластерді дамытуда өзінің нақтылы қатысуын көреді.

Колледж дамуындағы басымдылықтарды анықтауды еліміздің стратегиялық құжаттар тізімімен байланыстырады – бұл Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауы, Стратегия «Қазақстан - 2050», Қазақстан Республикасының 2020-2025 жылдарға стратегиялық даму жоспары, 2020-2025 жылдарға Қазақстан Республикасын Білім және ғылым министрлігінің стратегиялық даму жоспары.

Колледждің стратегиялық даму жоспарын жасаған кезде білім берудің әлемдік беталысы, сонымен қатар аймақтық ерекшеліктер мен ҚР қалыптасқан дәстүрлері ескерілді.

Колледж дамуының **стратегиялық бағыты** сапалы білім беру қызметін қойылған міндеттердің тиімді шешу жолын табуға мүмкіндік беретін, сыни, өзін-өзі бағалауды өткізуді қамтамасыз ететін жаңа инновациялық технологияларды енгізу, техникалық және кәсіптік білім

беруді оқыту жүйесінің бар тәжірбиесін бөлісу мен жетілдіру жолы арқылы сапалы жаңа деңгейге өтудің барлық құрастырушы білім беру процесі

Максаттары:

Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту. Білім беру қызметінің халықаралық стандарты сапасына сай және тұтынушылардың барлық үдеуші талабы мен күтуіне жауап беретін білім беру қызметін көрсетуге әзірлігі мен қабілеттілігі.

- Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына ғылымның үлесін арттыру, экономикалық орнықты даму үшін сапалы білімнің қажеттілігін қамтамасыз ету арқылы адами капиталды дамыту, кәсіптік білімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
- еңбек нарығының, еліміздің индустриялық- инновациялық даму міндеттері мен жеке тұлғаның қажеттіліктерін қанағаттандыратын білім сапасына қол жеткізу;
- қазіргі заманғы білім беру мен кәсіптік даярлау, жаңа технологияларды, идеяларды және көзқарастарды пайдалану, студенттердің өмір сапасының әлеуметтік және құқықтық қорғау, құқықтық кепілдіктерін қамтамасыз ету
- педагог мамандығының беделін көтеру

Міндеттері:

- Отандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыруда экономикалық индустриялық – инновациялық даму сұраныстарын ескере отырып, колледждің құрылымын жаңарту;
- Педагог кәсібінің жоғары мәртебесін қамтамасыз ету, педагогикалық білім беруді жаңғырту, колледждің беделін арттыру;
- Оқытудың қауіпсіз және жайлы ортасын қамтамасыз ету, білім алушылардың арасындағы білім сапасындағы алшақтықты қысқарту және дуальды оқу жүйесін енгізу;
- еліміздің индустриялық- инновациялық даму жобаларына сай келетін жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрлармен қамтамасыз ету, үздік практикалар негізінде білім алушылардың, педагогтердің және білім беру ұйымдарының сапасын бағалаудың жаңартылған жүйесін енгізу.
- экономика қажеттіліктеріне және өңірлік ерекшеліктерге сәйкес оқытудың, кәсіптік даярлықтың сабақтастығы мен үздіксіздігін қамтамасыз ету.
- Студенттердің зияткерлік, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету, жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту; жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу және олардың азаматтық белсенділігін, әлеуметтік жауапкершілігін және әлеуетін ашу тетіктілігін қалыптастыру жөніндегі шаралар кешенін іске асыру.
- инфрақұрылымды жаңғырту және цифрландыру және қазіргі заманғы материалдық-техникалық базамен жарақтандыру.
- Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға шәкіртақы төлеу және бір мезгіл ыстық тамақпен қамтылып, екі мезгілдік тамақ жиынтығы арнайы заңдылық құжаттарына сәйкес ай сайын беріліп отыру, қажетті көмек ұйымдастыру, аз қамтылған отбасылар балаларын бір мезгіл тегін ыстық тамақпен толық қамтамасыз ету;
- студент жастар арасында құқық бұзушылықтарды және қылмысты төмендетуге қол жеткізу, студент жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттай отырып, қалыптастыру, кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғауды, қылмыстың, нашакорлықтың алдын-алуды қамтамасыз ету

Нысаналы индикаторлар:

- педагогтардың жалпы санынан жоғары және бірінші санаты бар біліктілігі жоғары педагогтардың үлесі -33%
- колледж директоры, директордың орынбасарлары мен әдіскер 20% менеджмент саласында біліктілігін арттырған және қайта даярлаудан өткен;
- 100% электрондық оқыту жүйесі пайдаланылады;
- Біліктілікті тәуелсіз бағалаудан алғашқы рет өткен колледж бітірушілердің үлесі- 100% ;
- Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алған түлектердің оқуды бітіргеннен кейінгі алғашқы жылы жұмыспен қамтылғандардың және орналасқандардың үлесі -85%;
- Ұлттық институционалды және мамандандырылған аккредиттеу рәсімінен өту-50%;
- Соңғы бес жылда ғылыми, әдістемелік, педагогикалық журналдарда жарық көрген педагогтар үлесі- 5%;
- Жастар саясаты мен патриоттық тәрбие саласындағы іс- шараларды іске асыруға белсенді қатысатын жастардың жалпы санынан -90%.
- Индер көп бейінді ауыл шаруашылық колледжі бойынша болашақ инвестициялық жобалар жүзеге асырылады: көкөніс (қызанақ, қияр) өсіретін жылыжай жобасы, тігін цехын , шағын наубайхана ,жүн түту, құс өсіру, т.б

Қаржыландыру көздері мен көлемі:

- республикалық бюджеттен қаржыландыру ;
- жергілікті бюджеттен қаржыландыру жыл сайын тиісті жергілікті бюджеттерден білім беру жүйесін дамытуға бөлінетін қаражат шеңберінде жүзеге асырылатын болады;

3. Ағымдағы ахуалды талдау

- Индер көп бейінді ауыл шаруашылық колледжінің материалдық базасы нығайтылуда. Колледждің оқу кешені оқу корпусынан, оқу өндірістік шеберханасынан, автодромнан тұрады.

Оқу ғимаратының жалпы көлемі – 8352 м², жобалық қуаты – 600

оқу кешенінде 14теориялық оқу кабинеттері бар. Оның 8- і жалпы білім беретін кабинет, 6-еуі арнаулы пән кабинеттері

Колледжде пән сабақтарында пайдаланылатын компьютерлер мен ноутбуктар саны – 108, интерактивті тақта- 10,

сенсорлы ақылды тақта-4

Зертхана- 6, шеберхана – 1, автодром – 1, спортзал көлемі – 360 м², акт зал көлемі – 250 м², асхана – жобалық қуаттылығы, отыратын

орындар – 200, мед кабинет – 1,

егу бөлмесі – 1, компьютермен қамтылған кабинеттер – 5, кітапхана -12 орындық,

Шеберханада 25 орынға арналған техникалық қауіпсіздік кабинеті бар

Автокөліктер саны- 12, тракторлар саны – 8, тіркемелер саны – 4

Колледж кітапханасының жалпы қоры -23468 дана.

Оқулық және оқу-әдістемелік әдебиеттердің әрбір оқушыға есептегендегі мөлшері – 43 дана

- Техникалық және қызмет көрсету еңбегінің білікті мамандарын даярлау

8 мамандық және 14 біліктілік бойынша жүзеге асырылып келеді.

2019-2020 оқу жылы колледжі институционалды және 4 мамандық бойынша мамандандырылған аккредиттеуден өтіп, 5 жыл мерзімді куәліктері алынды.

1501000 – Ауыл шаруашылығында техникалық қызмет көрсету және жөндеу

1501012 – Ауыл шаруашылық өндірісіндегі тракторист-машинист

1501022 – Машина механизмдерін жөндеу және пайдалану мастері

1201000 – Автомобиль көлігіне қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану

1201011 – Жүргізуші

1504000 – Фермер шаруашылығы

1504062 – Ауыл шаруашылығы өндірісінің тракторист-машинисі

1504092- Электр жабдықтарына қызмет көрсету жөніндегі электромонтер

0508000 – Тамақтануды ұйымдастыру

0508012 – Аспаз

0508042 – Даяшы

0508052 – Бармен

0518000 – Есеп және аудит

0518012 – Есепші

1304000 – Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыздандыру

1304012 – Электрондық есептеуіш машинасының операторы

1304082 – Электрондық есептеу машиналарын баптаушы

1114000 – Дәнекерлеу ісі


1114042 – Газбен электр дәнекерлеуші

1401000 – Ғимараттар мен үй мәреттерді салу және пайдалану

1401042 – Сылақшы


1401012 – Тас қалаушы

**ИНДЕР КӨП БЕЙІНДІ АУЫЛ
ШАРУАШЫЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ 2016-2020
ОҚУ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ БІЛІМ САПАСЫ
КӨРСЕТКІШІ**




- Колледжде 183 студент, барлығы да мемлекеттік тапсырыс бойынша білім алуда.

**Индер көп бейінді ауыл шаруашылық
колледжі бойынша 2016-2020 оқу
жылдарындағы студенттер саны**



Индер көп бейінді ауыл шарушылық колледжі 2015-2020 оқу жылдарындағы бітірушілер көрсеткіші



- Білім беру сапасы арттырылуда.

№	Көрсеткіштер	2016-2017 оқу жылы	2017-2018 жылы	2018-2019 оқу жылы	2019-2020 оқу жылы	2020-2021 оқу жылы
1	Штаттағы педагогтардың үлесі	40	41	36	36	38
2	Жоғары білімді	31	32	28	29	30
3	Педагогтардың үлесі (санаттар)					
	➤ Жоғары	10	10	5	9	9
	➤ Бірінші	7	8	8	8	9
	➤ Екінші	10	9	8	12	11
4	Жоғары және бірінші санатты педагогтар үлесі	42,5%	44%	36,1%	47,2%	47%

Колледжде ақпараттандыруды дамыту жұмыстары жүргізілуде. Қазіргі уақытта студентке бір компьютерден келеді. Колледж интернет жүйесіне қосылған. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы жариялаған пандемия кезеңінде Қазақстан Республикасы білім және ғылым

Министрінің 2020 жылғы 14 наурыздағы №108 бұйырығын басшылыққа ала отырып, Индер көп бейінді ауыл шаруашылық колледжі 2020 жылғы 16 наурыздан бастап қашықтан оқыту жүйесіне көшірілген уақыттан күні бүгінге дейін колледждің оқыту үрдісі EDUS оқу платформасының EDUS жүйесімен жұмыс жасауда.

- Мемлекеттік тілдің дамуына зор көңіл бөлінуде. Іс қағаздары қазақ тілінде жүргізіледі
- Кәсіптік практиканы өткізу үшін облыстың және ауданның 70 мекемесімен келісім шартқа отыру арқылы студенттердің теориялық білімін базалық кәсіпорындарда өткізуге мүмкіндік жасалды. Колледжбен келісім шартқа отырған мекемелер сұранысы бойынша бітіруші оқу топтары 97% көрсеткішпен өндірістік тәжірибеден өтті
- Студенттерді жоғары азаматтық және адамгершілік, отансүйгіштік сезімі мен әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыру жолында жұмыстар жүргізілуде.

Индер ауданы бойынша 14-29 жас аралығындағы жастар саны аудан халқының 20 % -ын құрайды. Колледжде оқитын жастар саны бойынша 14-29 жас аралығындағы жастардың 3 % - ын құрайды.

Индер көп бейінді ауыл шаруашылық колледжінің жұмысына SWOT талдау

Мықты тұстары	Әлсіз тұстары	Дамыту перспективасы
1. Мамандықтарға оқытатын инженер – педагог кадрлар негізінен тәжірибелі және біліктіліктері талапқа сәйкес 2. Жоғары және І санатты оқытушылардың орташа сапалық құрамы 47,2 % құрайды.	1. Әкімшілік басқару аппарат мүшелерінің орташа жас шамасы 50,0. 2. 45 жастан 54-ке дейінгілер 4. 3. 54 жастан 64 жасқа дейінгілер 4.	1. Жас мамандарды жұмысқа тарту, оларды материалдық ынталандыру шараларын қарастыру. 2. Түлектер арасынан педагогикалық қабілеттері бар жастарға әрі қарай оқуға кәсіби бағдар беру; орта буын мамандарын даярлауға лицензия алу.
3. Барлық шаралардың инженер – педагог қызметкерлердің кәсіби құзіреттілігін жоғарылатуға, студенттердің мамандыққа қызығушылығын арттыруға бағытталды.	1. Шаралар арасында мамандықтар бойынша кәсіптік конкурстардың саны жеткіліксіз. 2. Техникалық шығармашылық жұмыстарға талап деңгейінен төмен.	1. Мамандықтар конкурстарын жүйелі түрде үнемі өткізіп отыру. 2. Техникалық шығармашылық үйірмелерін ашу.
4. Жылма – жыл студенттер контингентін сақталу пайызы өсуде.	1. Оқуға кәсіптік бағдарсыз кездейсоқ келушілердің болуы. 2. Әлеуметтік жағдайлардың қиындықтары салдарынан оқуда аяқтамау. 3. Мамандыққа қызығушылықты дамыту жолдары төмен.	1. Кәсіптік бағдар беру жұмысының сапасын арттыру 2. Студенттердің әлеуметтік қолдау шараларын жаңарту, (атаулы стипендиялар, ақылы жұмыс орындарын көбейту)

1- стратегиялық бағыт
Техникалық білім берудің қолжетімділігі мен тартымдылығын қамтамасыз ету

Экономикалық техникалық және қызмет көрсетудің білікті және бәсекеге қабілетті мамандарға қажеттілігін қанағаттандыру

Тікелей нәтижелер көрсеткіштері (орындалу мерзімі)	өлшем бірлігі	есепті кезең	жоспарлы кезең				
		2020	2021	2022	2023	2024	2025
1.Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алушылардың болжамды орташа жылдық контингенті	адам	183	189	200	215	220	230
2.Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алушыларды жоспарлы қабылдау	адам	75	85	85	90	95	100
3.Мемлекеттік тапсырыс бойынша оқуды бітіргеннен кейінгі алғашқы жылы жұмыспен қамтылған және жұмысқа орналасқан түлектер үлесі	%	65%	70%	75%	78%	80%	85%
4. Колледжді бітіруші түлектердің арасынан техникалық және кәсіптік білімнің жоғарғы деңгейдегі біліктілігін алушылар үлесі	%	75%	76%	77%	78%	78%	79%
5. Бір білім алушыны даярлауға арналған болжамды орташа шығын	мың тенге	382,0	496,6	496,6	496,6	496,6	496
6. Студенттердің жалпы санына шаққанда 1 компьютерге келетін студенттердің саны	адам	5	4	3	3	2	1
7.Студенттердің білім деңгейі	%	65,3%	65,5%	65,6%	65,8%	65,9%	66%
8. Халықтың, оның ішінде жұмыстан босатылған қызметкерлерді, жұмыссыздарды «Жұмыспен қамту-2020» бағдарламасы шеңберінде курстық даярлықпен қамту үлесі	%	-	2%	5%	8%	12%	15%

Техникалық және кәсіптік білім алуға қолжетімділікті кеңейту

1. Аудан бойынша типтік жастағы жастарды техникалық және кәсіптік білім берумен қамту үлесі (14-29 жас)	%	3%	3,1%	3,5%	4,0%	4,5%	5%
2.Ағымдағы жылғы мектеп түлектерін техникалық және кәсіптік білім берумен қамту үлесі	%	20%	23,8%	26,6%	31,9%	35,6%	38,4%
3. Мамандықтар бойынша колледжге құжат тапсырған талапкерлердің конкурсқа қатысуы	%	2	2,2	2,3	2,4	2,5	2,6

Колледжде білім беру сапасын және бәсекеге қабілеттілік сапасын көтеру

Оқу кабинеттерінің жалпы санынан интерактивті құрал- жабдықтармен жабдықталған кабинеттердің үлесі	%	80	82	85	88	90	92
Біліктілікті тәуелсіз бағалаудан өткен бітірушілердің үлесі	%	100%	100%	100%	100%	100%	100%
Біліктілікті тәуелсіз бағалаудан жоғары деңгей алған түлектер	%	98,9%	99%	99%	99%	99%	99%
Электрондық оқыту жүйесін енгізу	%	85%	88%	90%	92%	93%	95%

Колледжді білікті инженерлік- педагогикалық кадрлармен қамтамасыз ету

1.Педагогтардың жалпы санынан жоғары және бірінші санаттағы біліктілігі жоғары педагог қызметкерлердің үлесі	%	33%	35%	40%	43%	45%	48%
2.Колледж директоры, директордың орынбасарлары, әдіскер менеджмент саласында біліктілігін арттырған және қайта даярлаудан өткен	%	20%	30%	40%	50%	60%	70%

3.Педагогтардың жалпы санынан ағымдағы жылы колледжге жаңадан жұмысқа келген жас мамандар үлесі	%	5%	2%	2%	3%	3%	4%
4.Біліктілігін арттыру мен тағылымдамадан өткен, оның ішінде өндірістік кәсіпорындар базасында, колледждің инженер- педагог кадрлардың үлесі	%	30%	35%	38%	40%	42%	45%
5.Біліктілікті арттыру және қайта даярлаудан өткен колледждің инженер- педагог кадрлардың үлесі	%	80%	81,5%	82,8%	83,2%	84%	85%
6. Әкімшілік басқару аппарат мүшелерінің орташа жас шамасы	жас	50,0	50,0	48,0	48,0	46,0	46,0

Әлеуметтік серіктестікті дамыту

1.Техникалық және қызмет көрсету кадрларын даярлау саласында ынтымақтастық бойынша жасалған келісім- шарттар саны	бірлік	1	2	2	2	3	3
2.Кәсіпорындар базасында тағылымдамадан өткен педагог мамандар	бірл.	3	3	4	4	5	5
3.Колледжде мемлекеттік тапсырыс есебінен оқитындардың жалпы санынан кәсіпорындар базасында практикадан өтуге арналған орындармен қамтамасыз етілген студенттер үлесі	%	97%	98%	99%	100%	100%	100%
4.Студенттердің жалпы санынан жұмыс берушілер қаражаты есебінен колледжде білім алушылардың үлесі	%	0%	0%	0%	0%	1%	1%

2- стратегиялық бағыт. Жастардың дамуы үшін, оларды елдің әлеуметтік- экономикалық дамуына тарту үшін жағдайлар жасау

Кәсіптік білім беру және коллежде тамақтандыруды қамтамасыз ету

1.Аз қамтылған отбасылары оқушыларының жалпы санынан сапалы және толыққанды ыстық тамақпен, жемістермен, көкөністермен, дәрумендірілген шырындармен қамтылған лицей оқушыларының үлесі	%	100	100	100	100	100	100
2.Асхананы қажетті технологиялық құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету	%	100	100	100	100	100	100

Студент жастар арасындағы азаматтық белсенділік және патриотизмді дамыту

Студенттердің жалпы санынан колледждегі спорт секциялары қызметімен қамтылған студенттердің үлесі	%	33%	38%	40%	42%	45%	48%
Көркем, музыкалық, ғылыми шығармашылықпен қамтылған студенттер үлесі	%	35%	40%	43%	45%	48%	50%

3- стратегиялық бағыт.Еңбек нарығының, елдің индустриалдық- инновациялық даму міндеттерін және жеке талабының қажеттілігін қанағаттандыратын жаңа инновациялық жобаларды іске асыру

1.Ұлттық мамандандырылған аккредиттеу рәсімінен өту	%	50%	60%	70%	80%	90%	100%
2. «Жас маман» бағдарламасының сапалы орындалуын қамтамасыз ету	%		50%	60%	70%	80%	90%
3. «Жас маман» бағдарламасы бойынша арнаулы пән оқытушыларын біліктілікті көтеру курстарынан өткізу			5	5	5	5	5
4. «Жас маман» бағдарламасы бойынша өндірістік оқыту шеберлерін біліктілікті көтеру курстарынан өткізу			10	10	10	10	10
5.Көкөніс (қызанақ, қияр) өсіретін жылыжай жобасын іске асыру	млн тенге				3.000	3.400	3.500
6.Шағын наубайхана жобасын іске асыру	млн тенге				1.000	1.200	1.300
7.Индер көп бейінді ауыл шаруашылық колледжі бойынша Стратегиялық жоспарды іске асыруға арналған шығыстар	млн тенге				4.000	4.600	4.800